

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

«Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

Дәріс 14. ХХІ ғасырдағы миссионерлік

Дәрістің мақсаты – миссионерлік ұйымдардың жұмыс стратегиясы мен әдістерін геосаясат тұрғысынан зерттеу, тиісті конфессиялық әдебиеттерді зерттеу және жеке бақылау материалдарын пайдалану.

Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Миссионерліктің заманауи әдістерін жіктеу;
2. Виртуалды миссия және виртуалды дағуат.
3. Интернет кеңістіктегі миссионерлік стратегиялар.

Миссионер - бұл әмбебап пайымдауды меңгерген немесе қамтыған және мандатты, тапсырманы немесе осы пайымды және оның артықшылықтарын «баршаға» жеткізуге шақыруды сезінетін адам. 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер» заңына дейін елімізде діни ұйымдар өз миссионерлік қызметін еш тосқауылсыз жүргізді. Мұндай әрекеттер көбінесе жаңа діни ұйымдар тарапынан жиі кездесті. Олар өз сенушілерінің қатарын көбейту үшін барын салды. Миссионерлік ұйымдар көшеде құдай туралы сөйлесуге шақырып, діни әдебиеттерді таратып және үйге келіп діни әңгімелерді айту сияқты тәсілдерден басқа тегін тіл үйрету курстары, семинарлар, тренингтер, өзін-өзі жетілдіру орталықтары, радио, телевидение, интернет, әдемі жарнама сияқты тағы да басқа көптеген әдіс-амалдарды пайдаланады. Көшеде діни әдебиеттер таратып, өз ұйымдарының жиындарына шақыратын қағаздар таратады.

Заманауи әдістерге келер болсақ, қазіргі ғылым мен технологиялар дін тарату ісінде адамзатқа көптеген мүмкіндіктерді ашты. Радио, телевидение, БАҚ, Интернет, әлеуметтік желілер заманауи әдіс-тәсілдер қатарын толықтырды. Дін өкілдерінің қатысуымен дәрістер, семинарлар өткізу, ислам кітапханалары мен кітап дүкендері, ислами заттар сатылатын дүкендер, әлеуметтік желілердегі түрлі хабарламалар - діни сенімді таратудың қайнар көзі болып табылады.

Виртуалды дағуат арқылы ислам дінінің негіздері насихатталып, исламдық өмір салтын уағыздау және діни кітаптар мен аудио- видео материалдардың көбеюі белең алды. Діни ұйымдар тек араб мемлекеттерінде ғана емес, батыс елдерінде таралғанын ескерсек дағуат ісінің біртекті емес екендігін көреміз. Себебі виртуалды дағуат бір жағынан исламның таралуына жол ашса, екінші жағынан араб-мұсылман мемлекеттерінде ресми діннен бөлек діни сенімді насихаттайтын интернет сайттарды бақылау және шектеу қажеттігін тудырды.

Дегенмен ислам ғұламалары исламның миссионерлік қызметі жөнінде айтқанда «дағуат» ұғымын пайдалануды дұрыс деп есептейді. Себебі христиандықтағы миссионерлік қызмет отарлау мен экспансияның құралы ретінде мұсылман елдері үшін негативті сипатта көрініс алды. Батыс елдерінде пайда болған исламдық діни ұйымдар «дағуат» сөзіне «миссия, миссионерлік» ұғымдарын балама ретінде пайдаланады. Ислам мен христиандықтағы дін таратудың өзіндік ерекшеліктері бар.

Мәселен, «миссия» сөзі этимологиялық тұрғыда «жіберу, жолдау» болса, ислам дініндегі «дағуат» ұғымы «шақыру» дегенді білдіреді. Христиан дініндегі миссионер құтқарушыға келген ізгі хабарды адамдарға жеткізуші және Жаратушыдан келген ізгі хабарды (евангелие) таратушы болып табылады. Ал исламды уағыздаушы адам болса, «Алладан басқа тәңір жоқ» деген қағиданы ұстанып бір құдайға табынуға шақырады. Ислам

миссионері (егер солай айтуға болатын болса, себебі, исламда дағуатқа шақырушы дағии, көпше түрде дұғат деп аталады) адамзат жаратылғалы бергі жалғыз ақиқат – Аллаға қайта оралуға үндейді. Дағуат пен миссия арасындағы негізгі айырмашылық жөнінде батыс ғалымы Д. Керр былай дейді: «Миссия орталықтан (Құдай, ақиқат) жан-жаққа (адамдарға) бағытталса, дағуат шеттен (адамдардан) орталыққа (Құдайға, ақиқатқа) қарай бағытталған». Осы мәселе жөнінде батыс ғалымы Л. Постон миссионерлік және миссионерлік емес діндердің айырмашылығының негізгі критерийі ақиқаттың сыртқа бағытталуы мен орталыққа, яғни ақиқатқа қарай ұмтылу болса, онда исламды миссионерлік дін емес деп атуға болар еді деген пікір айтады. Себебі, орталықтан сыртқа бағытталған діндер өз сенімдерін қаншалықты көп адамдарға таратса, соншалықты өз мақсаттарына жетеді. Ал дағуаттың мағынасы, жоғарыда айтқанымыздай, шақыруды, яғни шеттен орталыққа қарай ұмтылуды білдіреді. Дегенмен, мұсылмандардың өзге сенімдегілер мен дінсіздерді дінге тарту тәжірибесіне назар аударсақ, исламның да миссионерлік дін екендігін анықтаймыз.

Бүгінгі таңда, халықаралық миссионерлік ұйымдар телекоммуникациялық спутниктік технологиялар мен жаһандық компьютер желілерін қолдануға көңіл бөледі. Себебі аталған құралдар көптеген территорияларға тарайды және оларды бақылау қиынға соғады. Жат пиғылды ағымдардың миссионерлік қызметінің маңызды мақсаты мемлекеттік білім беру, әкімшілік, қауіпсіздік сияқты стратегиялық маңызы бар объектілерге кіріп, өз құндылықтық бағдарларын халық санасына ендіру болып табылады. Бұл, өз кезегінде мемлекеттік, мәдени, діни және азаматтық бірегейлікпен байланысты мәселелерді туындатады. Миссионерлік стратегияның негізгі элементтерінің бірі, белгілі бір әлеуметтік топтарды бөліп алып, солармен жұмыс жасау болып табылады. Миссионерлік стратегияның айрықша маңызы бар міндеті, белгілі бір мемлекет аумағында миссионерлік қызметті атқаруға керекті, түйінді аудандарды, яғни миссионерлік алаңды табу болып табылады. Р. Аллен өзінің «Апостол Павел кезеңіндегі және бүгінгі таңдағы миссионерлік әдістер» атты кітабында алдыңғы буын өкілдерінің тәжірибелеріне сүйене отырып, осы міндетті миссионерлік тәжірибедегі ең басты, негізгі деп көрсетеді.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Виртуалды байланыс: онлайн діни кеңістіктегі рәсімдер мен тәжірибелер;
2. Электронды миссиялар: ақпаратты тарату мен миссионерліктің цифрлық стратегиялары.
3. Дін онлайн және онлайн дін ұғымдарының мәнін ашыңыз.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Интернет кеңістіктегі дін және жастар: ұжымдық монография / Утебаева Д.С., [және т.б.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 146 б. ISBN 978-601-04-4252-7
2. Құрманалиева А.Д., Утебаева Д.С., Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері. – А., 2019 – 178 б.
3. Митрович, Л. Религия, масс-медиа и культура мира / Л. Митрович // Репутациология. - 2010. - № 4. - С. 5-11.
4. Бош Д. Преобразование миссионерства: сдвиги парадигмы в богословии миссионерской деятельности. – СПб.: Библия для всех, 2013. – 640 б.
5. Утебаева Д.С., Құрманалиева А.Д., Абжалов С.У., Қаңтарбаева Ж.У. Features of missionary activities in Kazakhstan social research results. //European Journal Science and Theology. – 2017. – 155-170 pp.